

Экономика мен қоғамды дамытуға инвестициялар

GRI 203-1 | GRI 203-2 | GRI 3-3

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етіп және халықтың әлауқатын арттыруға мүмкіндік жасай отырып, біз экономиканың әр түрлі салаларына белсенді түрде инвестициялаймыз. GRI 3-3

Алдағы 6 жылда біз еліміздің әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуын қолдауға ерекше назар аударатын боламыз. Жеке бизнес тәуекелдің жоғары деңгейі немесе жеткіліксіз қаржылық база сияқты әртүрлі себептерге байланысты жобаларды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын секторларда біз инвестициялау тәуекелдерін бөлісу және мемлекеттік органдармен байланыста қолдау көрсету арқылы бірлескен инвестор рөлін аламыз.

Біздің инвестициялық жобаларымыз біз жұмыс істейтін өңірлерде маңызды рөл атқарып, мыналарды қамтамасыз етеді:

- әлеуметтік пайда: жұмыс орындарын құру, өмір сүру деңгейін арттыру;
- экономикалық даму: өңірлік экономиканы кеңейту, табыстың өсуі, шағын бизнестің дамыту;
- адами капиталдың кадрлық әлеуетін дамыту: мамандарды тарту және дамыту, олардың жаңа технологиялық өндіріске қатысуы;
- экономиканы әртараптандыру: жекелеген секторларға тәуелділікті төмендету, және өсу үшін жаңа мүмкіндіктер жасау.

Қордың ағымдағы инвестициялық қоржыны сомасы 49 трлн теңгені құрайтын экономиканың түрлі секторларындағы жобалардан тұрады.

2023 жылы Қордың Директорлар кеңесі Қордың тарапынан жүйелі мониторингке жататын жиынтық сомасы ~24 трлн теңге құрайтын 42 ірі инвестициялық жобаның тізбесін айқындады. Олардың едәуір бөлігі мемлекеттік бағдарламалар, ҚР Үкіметінің бағдарламалары шеңберінде бастамаланған. Оларды жүзеге асыру экономиканың әртүрлі салалары үшін маңызды рөл атқарады. Жобалардың әрқайсысы өңірлердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына себептеседі, сондай-ақ экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы орта жасайды.

Қордың инвестициялық қоржыны, трлн теңге



Инвестициялық қоржындағы 130-дан астам инвестициялық жобалардың кіріп сомасы

49
трлн теңге

Олардан 42 басым жобалар

24
трлн теңге

Басым жобалардың негізгі бағыттары:

1 Маңызды инфрақұрылымды кеңейту

112 елді мекеннің

213 мыңнан астам жаңа тұтынушылары газға қол жеткізді

Біз қоғам мен өнеркәсіптің өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыратын инфрақұрылымдық жобаларға, соның ішінде көлік желілеріне, энергетика мен телекоммуникацияларға ерекше назар аударамыз.

2023 жылы біз Атырау және Маңғыстау облыстарының халқын және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарын сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз еттік. 2023 жылы 112 елді мекеннің 213 мыңнан астам жаңа тұтынушысы газға қол жеткізді. Атап айтқанда, Маңғыстау облысында ауыл шаруашылығы мен туризм өнеркәсібі объектілеріне тұрақты газ беру қамсыздандырылды, бұл өңірдегі туризмді дамытуға септігін тигізеді. Бұл өңірді одан әрі дамыту үшін жасалған маңызды қадам.

Сондай-ақ біздің жобалар еліміздің оңтүстік, орталық және солтүстік өңірлерін, соның ішінде өңірлердегі жүйелік маңызы бар кәсіпорындарды газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге жағдай туғызатын болады.

2023 жылдан бастап Қазақстанда 5G желісін белсенді түрде өрістетуді басталды, бұл адамдарға өмір, білім және жұмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Жылдың аяғына лицензиялық міндеттемелер шеңберінде 1 157 5G базалық станциясы орнатылды. Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс желілерінің магистралін тарту жобасы іске асырылуда, бұл транзиттік қуатты арттыру және негізінен, Ресей Федерациясы аумағы арқылы төселген ағымдағы бағдарларды әртараптандыру арқылы бізге еліміздің телекоммуникациялық қауіпсіздігі мен ақпараттық егемендігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біз Қазақстанның көрші елдермен транзиттік дәліздерінің өткізу қабілеті мен тасымалдау қабілетін арттыру бойынша жұмыс істеудеміз. Мысалы, жобалардың бірі Қытайдан Еуропаға теміржол учаскесінің өткізу қабілетін 5 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Соның ішінде Алматы т/ж торабына түсетін жүктемесі 40%-ға төмендетуге мүмкіндік беретін жобаны іске асырылуда.

2 Әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы

2023-2024 жылдар кезеңінде

208 «жайлы мектептерді» салу жоспарланған

Оқу жағдайлары ыңғайлы оқушы орындарының тапшылығын жою, шамадан тыс жүктелген сыныптар, апаттық мектептер және орта білім беру ұйымдарында үш ауысымдық оқыту мәселесін түпкілікті шешу үшін біз «жайлы мектептер» жобасын іске асырамыз.

Есепті мерзімде бірінші кезеңде (2023-2024 жылдар) 208 жайлы мектеп жоспарланған, олардың барлығы бойынша «толық аяқталған» түрдегі объектілерді жобалау және салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу шарттарына қол қойылды.

Объектілер құрылысын тиімді мониторингілеу үшін Битрикс жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне 24/7 форматында объектілерді бейнемониторинг сервисі біріктірілген. Бұл сервис «online» режимінде объектілер құрылысының барысын бақылауға мүмкіндік береді. 208 нысанның 205-і бейнемониторинг жүйесіне қосылған. Бейнебақылау жүйесінде 4 шолу камерасы шығарылды. Барлық мүдделі тараптарға 4 шолу камерасына қолжеткізуі қамтамасыз етілді.

Ақпараттық жүйеде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында құрылыстың бастапқы кезеңінен бастап аяқталғанға дейінгі міндеттер толығымен қамтылған. Мердігерлер ұйымдар күн сайынғы есептерден басқа, апта сайын дроннан фотосуреттерді, есептерді шығарып, жұмыс барысын көрсетеді. Барлық құрылыс жұмыстарын нысандарға орнатылған камералардың көмегімен онлайн режимінде толығымен бақылап тұруға болады. Сондай-ақ, құрылыс басталғаннан бастап мердігерлердің жұмысы бойынша авторлық, техникалық қадағалау есептері күн сайын, апта сайын және ай сайын қолжетімді болып тұрады.

Жалпы жұртшылықпен ғимараттардың қасбеттерінің сәулеттік шешімдерін, сыртқы және ішкі дизайнын, интерьерін, сондай-ақ жайлы мектептердің көлемдік-жоспарлау шешімдерінің жоспарларын талқылауға ерекше назар аударылды. Жобалау-сметалық құжаттамада ауыстырылатын киімді қайта кию және жеке заттарды сақтау, балалардың сыныптан тыс жерде жайлы болуы және т.б. бойынша жабдықталған орындарды ұлғайту жөніндегі тілектер ескерілген.

3 Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

газдың ресурстық базасы

19% 2022 жылмен салыстырғанда ұлғайды

Біздің инвестициялық жобалар қоржынының елеулі үлесін мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жобалар алады.

«Богатырь» көмір кенішінде 2023 жылы енгізілген жаңа технологиялар өндіру көлемін жылына 32 миллион тоннадан 40 миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Геологиялық барлау мен жаңа жобаларды іске қосу есебінен газдың ресурстық базасы 2022 жылмен салыстырғанда 19%-ға ұлғайып, Анабай кен орны пайдалануға берілді.

Тұтынушыларды ажырату ықтималдығының барынша азайтылумен, еліміздің батыс өңірлеріндегі электрмен жабдықтау желілерінің өткізу қабілетін 2 есеге арттырған жобаны аяқтадық. Осыған ұқсас жоба оңтүстік өңірлер үшін де жүзеге асырылуда.

Жаңа энергия өндіруші қуаттарды іске қосу және қолданыстағы қуаттарды ұлғайту жоспарлануда. Бұл жобалар энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығын арттыруға және ең жоғары жүктемелер кезеңінде электр қуатының тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі.

Мұнай өнімдерінің ұзақ мерзімді тапшылығының сақталуына байланысты біз мұнай өңдеу қуаттарын кеңейту жөніндегі жобаларды іске асырамыз. Ең алдымен, біздің міндетіміз, бағасы экспорттық бағадан төмен белгіленген мұнай өнімдеріне ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады. Ішкі нарыққа жеткізілімдер бойынша шығындар маржалық экспорт есебінен жабылады.

Нарықтық баға белгілеуге көшу тетіктері ҚР отын-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасында ескерілген. Соған қарамастан, 2023 жылы кросс-субсидиялау көлемі шамамен 199 млрд теңгені құрады. Алдағы жылдары тұтырудың болжамды өсуі салдарынан шикі мұнайды ішкі нарыққа жеткізудің өсуі күтілуде, бұл Қор Тобы үшін жаңа сын-қателер туғызады.

4 Жаңартылатын энергия көздерін дамыту

КЭС және ЖЭС құрылысы бойынша жобалардың жиынтық қуаты

~6 ГВт

Төмен көміртекті даму тұжырымдамामызда көрсетілген шығарындыларды азайту жөніндегі міндеттемелердің ескерілуімен, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және дәстүрлі көмірмен жұмыс істейтін электр станцияларын газға ауыстыру жобалары ерекше маңызға ие болуда.

Біз жиынтық қуаты ~6 ГВт-қа дейінгі күн және жел электр станцияларының құрылысы бойынша жобаларды пысықтап әзірлеудеміз. Бұл жобаларды Total Eren, ACWA Power, Masdar, China Power International Holding Ltd, Power China және т.б. сияқты осыған ұқсас жобаларды орындауда тәжірибесі үлкен әлемдегі ірі сала ойыншыларымен серкітестікте іске асыру жоспарлануда. Біз қазірдің өзінде Алматы облысының Шелек дәлізінде қуаттылығы 60 МВт-ты құрайтын жел электр станциясының жобасын жүзеге асырдық, 2030 жылға қарай оның қуатын 810 МВт-қа дейін арттыру жоспарлануда.

Сондай-ақ sany Renewable Energy Co. Ltd компаниясымен бірлесіп жел электр станцияларына арналған құрамдас бөліктерді (қалақтарды, гондолаларды және мұнараларды) шығаратын зауыт салу жоспарлануда.





5 Өнімдерді қайта бөлугер

Полипропиленнің алты маркасын игерілді, ел ішінде клиенттер қатарына

58

компания қосылды

Біз жүзеге асырып жатқан бірқатар жоба экономиканың түрлі салаларында жаңа мүмкіндіктер ашып, заманауи жұмыс орындарын құруда. Атап айтқанда, мұнай-газ және мұнай-газхимия салаларының дамуы мультипликативтік әсерге ие және сабақтас салалардың дамуын ынталандыруы мүмкін. Мысалы, 2022 жылдың аяғында іске қосылған «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» зауыты 2023 жылы ішкі нарықтағы полипропиленге деген сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар құрылыс және медицина салалары, автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібі үшін полипропилен өнімдерін шығаратын шағын және орта бизнес субъектілерінің қызметіне болысты. 2023 жылы зауыт елімізде және әлемде сұранысқа ие полипропиленнің алты маркасын игерді және ел ішінде 58 компания клиенттер қатарына қосылды. 2024 жылы фирмалық сұрыпталым санын он екі маркаға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Қазіргі уақытта біз өнімді қайта бөлуді арттыруға бағытталған 7 жобаны бір мезгілде жүзеге асырып жатырмыз. Біз газ өңдеу зауыттарын, газды ажырату кешенін және полиэтилен өндіру зауытын салу бойынша жұмыстарды жобалау үстіндеміз. Полиэтилен өндірісі жобасын жүзеге асыру елімізге озық шетелдік технологияларды тартуға мүмкіндік беретін болады, ал жоба өнімдері одан әрі өңдеу үшін полимер өнімдерінің 50-ден астам түріне шикізатқа айналады.

6 Таза ауыз суға қол жеткізу

176 км магистралдық суағар жаңартылды, оның өткізу қабілеті тәулігіне артты

60

тыс. м³

Инвестициялық жобаларымызды іске асыру арқылы таза ауыз суға қол жеткізу адамдардың өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, өңірлердегі экономикалық даму мен әлеуметтік тұрақтылық үшін қолайлы жағдай туғызады.

2023 жылы Атырау және Маңғыстау облыстарын, сондай-ақ Жаңаөзен қаласын сумен қамтамасыз ететін магистралдық суағарды қайта жаңғырту және кеңейту жобасын жүзеге асыру аяқталды. 176 км суағар жаңартылды, оның өткізу қабілеті тәулігіне 60 мың м³-ге артып (2022 жылмен салыстырғанда +54%), батыс өңірлердің тұрғындары мен бизнесті сумен қамтамасыз етті.

Жаңаөзен қ. тұрғындары мен кәсіпорындарын сумен қамту мәселесін шешу, сондай-ақ Маңғыстау облысының әлеуметтік қамсыздандыру саласына түсетін жүктемені азайту үшін тұтыландыру зауытын салу жобасы іске асырылуда. Зауыт қаланы тәулігіне қосымша 50 мың м³ сумен қамтамасыз ететін болады.



2023 жылдың нәтижелері:

ҚҰНЫ 1,1 ТРЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН 15 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ 5-ЕУІ БАСЫМ ЖОБАЛАРҒА ЖАТАДЫ.

Инвестициялық жобалардың толық тізімі және олардың әсері кестеде келтірілген.

Қор Тобының басым инвестициялық жобалары **GRI 203-1** **GRI 203-2** **GRI 3-3**

1	Жобаның атауы	Жобаның әсері	Іске асыру мерзімі
	Маңызды инфрақұрылымды кеңейту		
	Алматы қ. ЖЭО-2, ЖЭО-3 үшін газ инфрақұрылымын салу	Алматы ЖЭО-ны газға ауыстыру үшін қажетті инфрақұрылым. 450 уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 22 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2021-2024 гг.
	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралдық газ құбырының екінші желісінің құрылысы	Газ тасымалдау көлемін арттыру, Қазақстанның оңтүстік және орталық өңірлерін газбен жабдықтауды дамыту үшін инфрақұрылымды қамтамасыз ету. 4,5 мың уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 200 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2026 гг.
	КС-14 және «КС-14 – Қостанай» магистралдық газ құбыры негізінде компрессорлық станцияларды салу	Қостанай қаласы мен Қостанай облысының тұрғындарын, сондай-ақ жүйе құраушы кәсіпорындарды сенімді газбен жабдықтауды қамтамасыз ету. 1,2 мың уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 400-ден астам тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2026 гг.
	«Достық – Мойынты» т/ж учаскесінде екінші жол салу	Пойыздар қозғалысының жылдамдығын ұлғайту, Қытай – Еуропа бағдары бойынша Қазақстанның негізгі транзиттік дәлізінің өткізу және тасымалдау қабілетін арттыру. 1,5 мың уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 235 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2022-2025 гг.
	Алматы торабын айналып өтетін айналма т/ж желісін салу	Алматы темір жол торабына түсетін жүктемені 40%-ға азайту; Жүк ағындарының болжамды өсуін ескере отырып, Қытай-Еуропа және Қытай-Орталық Азия транзиттік дәлізі бойынша жүк өткізу қабілеті мен өту жылдамдығын арттыру. 1 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2025 гг.
	«Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желісінің құрылысы	«Сарыағаш» өткізу пунктінің жүктемесін түсіру және жылына 10 млн тоннаға дейін қосымша жүк ағынын тарту, сондай-ақ жоба Түркістан облысының республиканың негізгі теміржол желісімен байланыстыру арқылы оның дамуына себептесетін болады. 3,4 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 600 тұрақты жұмыс орнын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2026 гг.
	Қолданыстағы Семей – Ақтоғай теміржол учаскесіне шыға отырып, Қазақстан-Қытай шекарасында «Бақты» үшінші теміржол шекара өткелін салу	Қазақстан мен Қытай арасындағы өткізу қабілетін 20 млн тоннаға дейін ұлғайту. 1,7 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2023-2027 гг.
	Қазақстан Республикасында 5G желісін салу	Мобильді ғаламторға кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету және деректерді беру жылдамдығының тиісті артуы. 100 жаңа жұмыс орындарын құру.	2023-2027 гг.
	Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс магистралын тарту	Еліміздің өңірлік цифрлық хаб ретіндегі мәртебесін арттыру. Еуропадан Қытайға цифрлық дәліз құру, елдің телекоммуникациялық қауіпсіздігі мен ақпараттық егемендігін қамтамасыз ету, ағымдағы бандарларды әртарапандыру.	2023-2025 гг.
	«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркi» арнайы экономикалық аймағы инфрақұрылымының объектілері	Экономикалық саладағы еркін экономикалық аймақ әлеуетінің тиімділігін арттыру. 400-ден астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 300 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.	2014-2026 гг.

2

Жобаның атауы

Жобаның әсері

Іске асыру мерзімі

Әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы

3

Жайлы мектептер

Оқушы орындары тапшылығы мәселесін шешу. Экономика мен бизнестің дамуына үлкен серпін бере алатын жобаны іске асыруға отандық тауар өндірушілерді тарту.

2023-2026 жж.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

ГРЭС-1-дің №1 энергия блогын қалпына келтіру

Энергия блогын қалпына келтіру, жаңа электр сүзгілерін орнату арқылы эмиссияларды азайту. 500-ден астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 54 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2012-2024 жж.

№3 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту және қайта құру

Сенімді электрмен жабдықтау мақсатында базалық электр өндірудің қуатын 1,2 ГВт-тан астамға арттыру. 1,5 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 400 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2006-2027 жж.

№4 ст. Энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту

Сенімді электрмен жабдықтау мақсатында базалық электр өндірудің қуатын 1,2 ГВт-тан астамға арттыру. 1,5 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 400 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2029 жж.

Таза көмір технологиясы негізінде №1 және №2 энергия блоктарын орнатумен Екібастұз ГРЭС-3 құрылысы

Қуаттылығы 1,2 ГВт-қа дейінгі таза көмір технологиясы негізінде базалық электр генерациясының қуатын арттыру. 1,5 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023-2029 жж.

Түркістан облысында қуаты 1 000 МВт-қа дейінгі БГҚ базасында электр станциясының құрылысы

Энергия тапшылығы проблемасын шешу, оңтүстік аймақтың шамадан тыс жүктеме сағаттарында энергия тұтыну шығын тегістеу, ЖЭК-ті ұлттық энергетикалық жүйеге біріктіру үшін жағдайлар жасау. 2 мыңнан астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2026 жж.

Батыс Қазақстан энергетикалық жүйесін Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру

Еліміздің Батыс облыстары арасында 220 кВТ электр желілерін күшейте отырып, Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтаудың өткізу қабілеті мен сенімділігін арттыру, сондай-ақ болашақ жел және газ генерациясының ірі объектілерінің қуатын беруді қамтамасыз ету. 900-ден астам уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 20 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2027 жж.

Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының электр желісін күшейту жобасының бірінші кезеңі

Тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету және Оңтүстік аймақ облыстары арасындағы электр байланысын күшейту үшін электр энергетикасы жүйесін күшейту. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 17 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2026 жж.

Қуаттылығы 600 МВт-қа дейінгі Алматы ЖЭО-2 БГҚ-ны жаңғырту

Станцияны газға ауыстыру және Алматының экологиялық жағдайына теріс әсерді азайту. Алматы және Алматы өңірінің тұтынушыларын сенімді және үздіксіз энергия және жылу энергиясын жабдықтаумен қамтамасыз ету. 700-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 250 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2026 жж.

Станцияның қуатын 450 МВт-қа дейін ұлғайта отырып, БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру

Станцияны газға ауыстыру және Алматының экологиялық жағдайына теріс әсерді азайту. Алматы және Алматы өңірінің тұтынушыларын сенімді және үздіксіз энергия және жылу энергиясын жабдықтаумен қамтамасыз ету. 650-ге жуық уақытша жұмыс орындарын құру (құрылыс кезеңі).

2021-2026 жж.

4

«Богатырь» кенішінде циклдік-ағынды аршу кешенінің (ЦААК) құрылысы

«Богатырь» кенішінің өндірістік қуатын арттыру.

2023-2026 жж.

Жаңартылатын энергия көздерін дамыту

Power China-мен бірлесіп 810 МВт-қа дейінгі ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергия көздерінің генерациясын 60 МВт-тан 810 МВт-қа дейін кеңейту. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023-2030 жж.

Қазақстанның оңтүстік-шығысында «Total Egen»-мен бірлесіп энергия жинақтау жүйесімен қуаты 1 ГВт-ты құрайтын ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны көздерін өндіру, көмірқышқыл газы шығарындыларының алдын алу (шамамен 3 млн тонна CO2-балама). 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2028 жж.



Жобаның атауы

Жобаның әсері

Іске асыру мерзімі

«ACWA Power»-мен бірлесіп қуаты 1 ГВт-ты құрайтын жел электр станциясын салу

Жаңартылатын энергияны өндіру, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023 – 2029 жж.

«Masdar»-мен бірлесіп қуаты 1 ГВт-ты құрайтын ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны өндірісі, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023 – 2028 жж.

«China Power International Holding Ltd.»-мен бірлесіп қуаты 1 ГВт-ты құрайтын ЖЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны өндірісі, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 40 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2023 – 2028 жж.

«Юнигрин Энерджи» компаниясымен қуаты 1 ГВт-ты құрайтын КЭС-ті салу

Жаңартылатын энергияны өндірісі, көмірқышқыл газдың шығарылуын болдырмау. 500-ге жуық уақытша жұмыс орындарын құру (құрылыс кезеңі).

2025 – 2028 жж.

5

Өнімдерді қайта бөлулер

Полиэтиленді өндіру бойынша жоба

Технологиялық және жоғары маржиналды өнімдерін шығару есебінен экономиканың шикізат бағытынан кету, көмірсутек шикізатынан өндірілетін өнімдер қоржынын кеңейту. 8 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 800-ден астам тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру. Газ айыру кешенінің құрылыс кезеңінде 4 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 138-ден астам тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2028 жж.

«Полиэтилен» жобасы үшін газ айыру кешенінің құрылысы

Маңғыстау облысының халқы мен өнеркәсіп кәсіпорындарын өнеркәсіптік және әлеуметтік маңызы бар отынмен қамтамасыз ету. Құрылыс кезеңінде 400 – ге жуық жаңа жұмыс орны, пайдалану кезеңінде-171 жұмыс орны құрылатын болды. 400-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 171 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2018-2028 жж.

Жаңаөзен қ. жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы

Елді одан әрі газдандыру үшін ресурстық базаны ұлғайту, Қазақстанның газ өңдеу саласын дамыту. 2 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 600 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2018-2026 жж.

«Қашаған» газ өңдеу зауытының құрылысы (1-кезең)

Импортты алмастыру (импорт: 2021 ж. ≈ 10%, 2022 ≈ 38%). Таза электр энергиясының ілеспе өндірісі 30 МВт. 700-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 121 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2026 жж.

Қуаттылығы жылына 800 мың тонна құрайтын күкірт қышқылы зауытын салу

Қорғасын-мырыш кені ресурстық базасын кеңейту. 1,1 мыңға жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 1,5 мың тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2022-2026 жж.

«Шалқия» полиметалл кен орнын игеру

Түсті металлургияның технологиялық тұрғыдан озық кіші саласын дамыту және полиметалл кендерін қайта өңдеу өнімдерінің импортын алмастыру. 250-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2015-2026 жж.

«Алайғыр» кен орнын игеру

Түсті металлургияның технологиялық тұрғыдан озық кіші саласын дамыту және полиметалл кендерін қайта өңдеу өнімдерінің импортын алмастыру. 250-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 500 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2013-2026 жж.

Таза ауыз суға қол жеткізу

6

«Кендірлі» теңіз суын тұщыландыру зауытын салу

Жаңаөзен қаласының халқы мен кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ету және «Астрахан-Маңғышлақ» су құбырына жүктемені азайту. 200-ге жуық уақытша жұмыс орындарын (құрылыс кезеңі), 100 тұрақты жұмыс орындарын (пайдалану кезеңі) құру.

2021-2025 жж.